

ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 48-49 (8435-8436) Сенбі 7 мамыр 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

МЕМЛЕКЕТ ТӘРТІБІНДЕГІ БАСШЫСЫНЫҢ ТӨРАҒАПЫҒЫМЕН КҮН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТТІ

5 МАМЫР КҮНІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ЖЕР КОДЕКСІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ РЕЗОНАНС ТУДЫРҒАН БІРҚАТАР НОРМАЛАРЫНА 2017 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТОҚТАУ САЛДЫ.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде кеңес өтті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кеңеске Парламент палаталарының төрағалары, Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің Басшысы, Үкімет мүшелері мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Мемлекет басшысы ел дамуының негізгі бағыттарына, соның ішінде жер реформасына тоқталып, Үкімет қызметіне баға берді және тиісінше бірқатар шешім қабылдады.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЮ ЖОЛДАРЫ

Нұрсұлтан Назарбаев елде жүргізіліп жатқан Бес институттық реформа дағдарысқа қарсы кешенді жоспар болып табылатынын атап өтті.

– Әлемде қазір инвестиция тапшылығы орын алып отыр, дамушы нарықтардан капиталдың кетуі байқалуда. Дамушы елдердегі инвестициялар ағынының қарқыны 20 жылда алғаш рет кері сипатқа ие болуда. Егер 2008-2014 жылдары Қазақстанға келетін тікелей инвестициялар көлемі жыл сайын орта есеппен 24 миллиард долларды құраса, бытыр ол 15 миллиард доллардан аз болды. Елдер арасында сыртқы инвестиция үшін бәсеке күшейіп, мемлекеттер инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасап жатыр, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы елдің ауыл шаруашылығы саласында 2 миллион 300 мың адам жұмыспен қамтылғанын айтты.

– Сөйте тұра, бұл салада еңбек өнімділігі төмен деңгейде қалып отыр. Отандық фермерлер бір гектар жерден орта есеппен 400 доллардың өнімін алады. Дәл осы көрсеткіш АҚШ-та 1120 долларды, Германияда – 2800, Францияда 3200 долларды құрайды. Ауыл шаруашылығы жаңа техникаға, жаңа технологияларға, суару жүйелеріне инвестиция салуға мұқтаж, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы әлем елдері шетелдік инвестиция тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасап жатқанына назар аударды.

– Әлемдік тәжірибеде ауыл шаруашылығына салынған қаражат өзін ақтау үшін 10-15 жыл керек. Қазақстанда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 10 жылға, соның ішінде шетелдіктердің жалға алуы туралы заң ұзақ уақыттан бері қолданылып келеді. Алайда, бұл салаға әлі айтарлықтай инвестиция келген жоқ. Шетелдіктер 65 мың гектарда ғана жұмыс істеп жатыр, яғни, бұл жалға алынған жердің 0,06 пайызы ғана. Бірақ жоғары өнімділікті қамтамасыз етіп отыр. Жерді ұзақ мерзімге жалға беру – бүкіл дүниежүзі бойынша инвестиция тартудың амалы. Бельгия, Германия, Грекия, Нидерланд сияқты елдер шетелдік инвесторлардың жерді меншікке немесе жалға алуы мәселесіне қандай да бір шектеу қоймайды. Францияда шетелдік инвесторлар үшін жер ресурстарын жалға алудың ең ұзақ мерзімі 99 жылды құрайды. Жер кодексі нормаларын әзірлеу барысында бұл тәжірибелер ескерілді. Бірақ жерді шетел азаматтарына сату мәселесі болған емес, қазір де жоқ, – деді Қазақстан Президенті.

ЖАҢА НОРМАЛАР ЖҰРТҚА ЖЕТПЕДІ

Нұрсұлтан Назарбаев жаңа нормалардың мән-жайы тиісті топтарға жеткізілмегенін атап өтті.

– Қабылданған заңның тетіктері мен нормалары жұртшылықты кеңінен қатыстыру арқылы талқыланды. Сондықтан көп жағдайда халықтың алаңдауы дұрыс. Егер қазақстандықтар қабылданған шешімге сенбейтін болса, демек, бұл – дұрыс емес деген сөз. Өйткені, бұл өзгерістер халық үшін жасалып жатыр. Қоғамда жерді жалға алу немесе бірқатар заңнамалық нормаларға қатысты күмән туғанын ескеру маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы Шүкеевтің Отан қорғаушылар күнімен, 9 мамыр - Жеңіс мерекесімен құттықтауы

Қадірлі соғыс ардагерлері және тыл еңбеккерлері! Құрметті Отан қорғаушылар, аудан тұрғындары! Баршаңызды 7 мамыр - Отан қорғаушылар күнімен және 9 мамыр - Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын. Біз тарихымыздағы айтулы датаға айналған бұл мерекелерді қапысыз құрметтеуге тиіспіз. Кең байтақ жеріміздің шекараларын күзетіп, ел тыныштығын қамтамасыз етіп отырған әскерилердің өз қызметтеріне адалдығы, сурапыл соғыста қан кешіп, қасірет шеккен майдангерлердің сонымен қатар, тылда жан аямай еңбек өткен тыл еңбеккерлерінің ерен ерліктерінің арқасында біз бейбіт күнге қол жеткіздік. Сондықтан туған жерінің біруыс топырағы үшін жанын пидатқан отандастарымыздың есімдері мен ерліктері біздің жадымызда жаңғыра бермек. Ардагерлеріміздің сол бір ерен істері мен бай өмірлік тәжірибесі бізге осы заманғы жаңа Қазақстанды нығайтып, көркейте түсуге, біздің көпұлтты елімізде бейбітшілік пен келісімді сақтауға зор көмегін тигізіп отыр. Майдан жолдарымен жүріп өткен соғыстан кейінгі ауыр кезеңде жоғалтқанымызды қайта қалпына келтірген қымбатты ардагерлердің, майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің даңқтары арта берсін! Бүгінгідей мереке күні өздерінің өнегелерімен ұл-қыздарын, немерелері мен шөберелерін өз еліне деген сүйіспеншілік сезіміне және өз Отанының патриоты болуға тәрбиелеп келе жатқан аға ұрпақтың құлшынысы ерекше қуанта түседі. Бүгінгі және келешек ұрпақты ұлтжандылыққа, өз елін сүйуге тәрбиелеуде Ұлы Жеңіс тарихы ең басты үлгі-өнеге болып қала беруін қамтамасыз ету-біздің ортақ борышымыз. Қымбатты ардагерлер! Қымбатты тыл еңбеккерлері! Құрметті Отан қорғаушылар, аудан тұрғындары! Отан үшін атқарған барлық жанқиярлық істеріңіз үшін зор алғысымды қабыл алыңыздар. Осы бір жүрек тебірентерлік жарқын мереке күндері баршаңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, бейбітшілік, ынтымақ пен береке тілеймін.



Осыған байланысты Қазақстан Президенті Жер кодексінің қоғамдық резонанс тудырған бірқатар нормаларына 2017 жылға дейін тоқтау салды.

– Бұл мәселені егжей-тегжейлі қарастыру керек. Егер талқылаудан кейін Парламент ортақ шешімге келетін болса, мораторий алып тасталады, ал егер олай болмаса, күшінде қалады. Біз халыққа ұнамайтын заңға зәру емеспіз. Бұл ретте мораторий сақталған жағдайда ауыл шаруашылығының жағдайы нашарлауы мүмкіндігін түсіндіру қажет. Сондай-ақ, Үкімет жанынан Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Б.Сағынтаевтың басшылығымен комиссия құруды тапсырамын. Комиссия барлық мүдделі органдарды және қоғамдық бірлестіктерді тартуы тиіс. Резонанс тудырған ережені кенінен талқылап, ортақ ұстаным әзірлеп, Парламентке беру керек. «Нұр Отан» партиясына демократиялық күштер коалициясы аясында кен ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізулі тапсырамын. Бұған барлық партиялар, қоғамдық бірлестіктер және бұқаралық ақпарат құралдары қатысуы тиіс. Түсіндіру жұмыстарына Үкімет пен Парламенттің қос палатасының депутаттары белсене қатысалды деп үміттенемін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ЗАҢДАР КІМ ҮШІН ЖАЗЫЛҒАН?

Мемлекет басшысы Қазақстанда 8 мыңнан астам ауыл шаруашылығы кәсіпорны, 178 мыңнан астам шаруа және фермерлік қожалықтар, 1,5 миллионнан астам жеке қосалқы шаруашылық бар екеніне тоқталды.

– Олар күн ұзаққа алқапта, фермада, жайлауда еңбек етеді, сіздердің жаналықтарыңызды күтіп, теледидар алдында отырмайды. Бірақ сіздер өз ұсыныстарыңызды әзірлеу барысында министрліктен шықпай отырып, бәрін өз араларыңызда шешесіздер. Кімнен жасырынасыздар? Сонда біздің заңдарымыз кім үшін жазылған? Ауыл шаруашылығы министрлігінің де, Ұлттық экономика министрлігінің де, әкімдіктердің де бірінші ресми сайтында жер реформасы жөнінде қолжетімді және көрнекі ақпарат болған жоқ. Ал мұның бәрін халықтың игілігі үшін, экономиканы дамытып, азаматтардың әл-ауқатын арттыру үшін жасалып жатыр ғой, – деді Қазақстан Президенті.

ҰСТАНЫМЫ ҰҒЫНЫҚТЫ БОЛМАДЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Жер кодексі жөніндегі жұмысқа жауапты екі мемлекеттік органның – Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің өз міндетін тиісінше атқара

Сондай-ақ, Үкіметке жер қатынастарын реттеу бағытындағы салалық функцияларды Ауыл шаруашылығы министрлігіне беру жөнінде тапсырылды.

АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ

Мемлекет басшысы ақпараттық саясат мәселесін де қозғалды. – Бүгінде бұл функциялар бейінді емес министрліктің құзырында. Үкіметте бұл саланы ешкім үйлестірмейді, мемлекеттің ақпараттық саясатқа бөлінген қаражатын ешкім бақыламайды. Сондықтан қазіргі ақпараттық сын-қатерлерді енесу үшін, Бес институттық реформаның барысын тиімді қолдау үшін өкілетті орган – Ақпарат және коммуникациялар министрлігін құруды тапсырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев бұл ведомствоға мынадай маңызды міндеттерді жүктеуді ұсынды. Атап айтқанда, мейлінше отірік мәселелерді желел анықтау және әрекет ету мақсатымен кез келген меншік формасының, соның ішінде интернет ресурстар мен әлеуметтік желілердің ақпараттық кеңістігін мониторингтеу; барынша өзекті тақырыптар мен мәселелер бойынша қоғамдық пікірді зерттеу, халықтың ақпараттық сауалдары мен тілек-қалауын талдау және болжау; мемлекеттік ақпарат саясатын әзірлеу; барлық мемлекеттік органның ақпараттық қызметі мен белсенділігін үйлестіру және бақылау; мемлекеттік ақпараттық тапсырыстарды жоспарлау және мемлекет бөлген қаражаттың тиімділігін талдау; отандық БАҚ-тарды экономиканың қазіргі заманғы сегменті ретінде дамыту үшін инвестиция және инновация тарту; электронды және баспасөз кеңістігіндегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін отандық ақпараттық өнімдердің сапасын арттыру; дағдарыстық коммуникациялардың барынша пәрменді моделін құру; халықпен, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл арналарын қамтамасыз ету.

Бұл ретте, жаңа органды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, қаражат бөлу және оған барлық міндетті жүзеге асыру үшін айрықша өкілеттік беру тапсырылды.

ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҰНҚАТЫСУ ТЕТІКТЕРІ

Қазақстан Президенті ел дамуының өзге де негізгі мәселелеріне тоқталды.

– Міндетті медициналық сақтандыруды енгізуге қатысты жұрттың күмән-күдігі бар екенін білемін. Сондықтан Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрлігі бұл мәселе бойынша іс-әрекеттің жол картасын әзірлеуі тиіс. Бұл реформа барлық қазақстандықтарға қатысты, сондықтан оған ықылас жоғары болады. Білім және ғылым министрлігінің орта мектептердегі оқу жылын ұзарту, үш тілде білім беруге көшу мерзімі туралы мәлімдемелеріне қатысты да жұрттың сұрақтары бар екенін білемін. Үкімет бұл ретте дәстүрлі тамыз мәслихаттарын пайдалана отырып, қоғамдық пікірге мұқият зерттеу жүргізуі керек. Туындап отырған мәселелерді талқылау және шешу үшін осы мәселелердің барлығына жаңа ұнқатысу тетіктерін – Қоғамдық кеңестерді белсенді түрде қатыстыру керек. Олар мемлекеттік органдардың шылауында қалмауы керек, оларда өткен пікірталастар БАҚ-тар мен жұртшылық үшін ашық болуға тиіс. Әрбір министр мен әкімге реформалардың барлық бағыты бойынша қоғамдағы көзқарасты өз құзыреті шеңберінде мұқият талдаудан өткізуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің бастамаларының мұқият түсіндірілуі маңызды екенін айтты.

– Біз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына қарай жылжып, әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына ұмтылып отырғанымызды айтып жатырмыз. Бұл елдерде тағы бір ең басты стандарт бар, ол – Үкіметтің және оның мүшелерінің қоғам үшін күнделікті ашықтығы. Онда министрлер барлық туындаған мәселелерге қатысты әрдайым желдел пікір білдіріп отырады. Ал бізде ше? Ақпараттық жұмыс тек журналистер алдына брифингке шығып, қағазда жазылғанды оқып беруден ғана тұрмайды. Біздің министрлер тіпті брифингтерде де журналистерден қашқақтап, қарапайым сауалдарға жауап бермейді. Қазіргі кезде біз министрліктерді қандайда бір саладағы саясатты айқындайтын органдарға айналдырдық. Саясаткер жұртпен тілдесуге, өз ұстанымын түсіндіруге, қоғамның сеніміне ие болуға тиіс. Халықпен, ең алдымен жаңа заңдарды қолданатын жұртпен кездесу керек, – деді Қазақстан Президенті.

РЕСУРС ІСКЕ ҚОСЫЛСЫН!

Мемлекет басшысы тек бірінші тоқсанның өзінде қазақстандықтар «Электрондық Үкімет» порталы арқылы 1 млн. 200 мыңнан астам мемлекеттік қызметтерге қол жеткізгенін атап өтті.

– «Электрондық Үкімет» бірыңғай байланыс орталығына күн сайын 700 қызмет түріне қатысты 20 мыңнан астам сұрақ түседі. Бұл ресурс неге іске қосылмаған? Ондай реткімізде бірде-бір түсіндірме немесе кеңес болған жоқ. Халық сауал қоя бастаған кезде ғана «ояндайдыр». Жұртқа барлық нормаларды, оларды қалай қолдануды, «қызу желі» құруды тапсырамын. Бірде-бір сұраққа біліктілікпен жауап берімей қалмауы үшін жауапты адамдарды да бекітіндер. Бұл өңірлерге де қатысты, олардың әрқайсысында осындай кеңес беру орталықтары жұмыс істейтін болсын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ТУРАҚТЫЛЫҒЫМЫЗҒА СЫЗАТ ТҮСПЕСІН

Сонында Қазақстан Президенті әлемдік дағдарыс біздің елдің дамуына да әсерін тигізгеніне назар аударды.

– Одан зардап шегіп, жұмысынан немесе табысының біраз бөлігінен айырылған көптеген адамдардың бар екенін білеміз. Мұндай жаңдар кез келген қоғамда бар. Барлық қазақстандықтарға қырағы болу қажеттігін, тұрақтылығымыз бен бір-бірімізге деген сый-құрметімізге сызат түсуіне жол бермеу керектігін ескерткім келеді. Өз тарапымынан айтарым, біз ешкімнің ортақ шаңырағымыздағы татулық пен тұрақтылықты бұзу үшін дағдарысты пайдалануына жол бермейміз. Құқықтық тәртіпті бұзған әрбір адам заңның қатаң талабына сай жауап береді. Қоғамдағы тыныштықты нығайту – әрбір азаматтың, барлық қоғамдық ұйымның, барша қазақстан-дықтардың ісі, – деді Мемлекет басшысы.

Шара барысында елдің бірінші тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары жөнінде Премьер-Министр К.Мәсімов сөз сөйледі.

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР МЕН ЧЕРНОБЫЛЬ КАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

С.Қалмұратов,
«Ауыл жаңалығы».

ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР ҰЛЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ «ПАРЫЗДАН МЫҚТЫ КҮШ ЖОҚ, ПАРЫЗДАН МЫҚТЫ САУЫТ ЖОҚ»



ДЕГЕНІНДЕЙ, ЕЛ ҚОРҒАУДЫ ЕҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫ САНАҒАН ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР ҚАШАНДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ. КӨГІЛДІР КӨКТЕММЕН ЖЕЛПІНІП ЖӨТКЕН 7 МАМЫР - ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ АУДАН ӘКІМІ МҰРАТХАН ШҮКЕЕВ ЖҰМА КҮНІ ӘСКЕРИЛЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ.

Атап айтқанда, ресми қабылдау барысында аудан басшысы білектің күшімен, найзаның ұшымен кең байтақ даланы қорғау, көздің қарашығындай сақтау қай кезеңде де оңай болмағандығын айтып, әсіресе бүгінде әлемде болып жатқан әртүрлі шиеліністі жағдайларға байланысты ел қорғаны болады деген сенімді арқалаған

әскери бөлімінің командирі А.Әльчибаевтар бағалы сыйлықтармен марапатталса, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің запастағы офицерлермен жұмыс және кадр жұмысы жөніндегі инспекторы А.Бабоченко, №40336 әскери бөлімінің материалдық-техникалық қызмет ету бөлімшесінің бас маманы Н.Мақсұтов, Қайнар жол торабында орналасқан №28349 әскери бөлімі командирінің тәрбие-идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары Қ.Орынбеков аудан әкімінің Грамотасымен мадақталды. Сонымен қатар, Байзақ ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің инспекторы, келісімшарт бойынша қызмет және әскерден тыс даярлық жөніндегі бөлімшесінің аға көмекшісі С.Ескалиева, №40336 әскери бөлімінің қызметшісі Р.Аचेгу, №28349 әскери бөлімінің негізгі бөлімшелердің сақтау бөлімінің аға маманы Е.Абдуллаевтарға алғыс хаттар табысталды.

Мұнан соң аудан әкімінің қабылдауында 1986 жылдың 26 сәуірінде орын алған Чернобыль қаласындағы апатты залалсыздандыруға қатысқан бір топ азаматтар болды.

Мұратхан Жүнісәліұлы ең алдымен осыдан 30 жыл бұрын мыңдаған адамның өмірін қиған ең ірі апат – Чернобыль оқиғасының тарихын баяндай келе, оның зардабын жоюда байзақтықтар да белсенділік танытқандығын айтты.

Ел басына күн туған шақта тигізер залалына қарамастан, апатты сөндіру үшін ауданнан аттанған 14 азаматқа бұл күні «Жауынгер жоюшыларға Даңқ» естелік медалдары табыс етіліп, қаржылай сый-сияпат жасалды.

Өз кезегінде мұндай құрмет мен ілтипатқа ие болған ел тыныштығын күзетіп жүрген әскерлер және Чернобыль қатысушылары аудан басшысына алғыстарын айтып, көкейлерінде жүрген сұрақтары мен кейбір жеке өтініштерін жеткізді.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 71 ЖЫЛ!

ҚАРТТАРЫН АРДАҚТАҒАН
ЕЛ АРДАҚТЫ



Г. Əbdіқұлова, А. Қайыпназарқызы. "Ауыл жаңалығы".

ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ ҚАСТЕРЛІ МЕРЕКЕЛЕРІНІҢ БІРІ-ЖЕҢІС КҮНІ. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ 71 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА ЕЛІНЕ ҚОРҒАН БОЛЫП, ЖАУЫНА ОҚ БОЛЫП АТЫЛҒАН ХАС БАТЫРЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛУДЕ.

Қызыл жұлдыз ауылдық округінде тұратын Үсен Тоғаевтың жолы, ерлік істерімен қатар бейбіт күндегі қол жеткізген табыстары жас ұрпақты отансүйіштікке тәрбиелейтіндігін біржолғы жәрдемақымен қатар азық-түлік салынған себетті табыстады.

Қастерлі мереке қарсаңында көрсетіліп жатқан құрметке дән риза болған ардагерлер тәуелсіз еліміздің қол жеткен табыстарын, игі тірліктерді қолдайтындықтарын, бейбіт күннің қадірін білудің маңызын айтып, тәуелсіз елімізге жарқын болашақ тілеп, баталарын берді.

Елдік пен ерлік сынға түскен сын сағатта қолына қару алып, етігімен қан кешкен, "елім, жерім" деп жанын берген майдангерлердің өнегелі ісі - кейінгілерге үлгі. Сондықтанда Ұлы Жеңісті жақындатуға атсалысқандарды ұлықтау - басты парызымыз болып қала бермек.

9 мамыр - Жеңіс мерекесінің 71 жылдығы қарсаңында "Нұр Отан" партиясының "Ардагерлерді ардақтайық!" жобасы аясында "Rola-7" ЖШС-нің директоры, Жамбыл облыстық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшесі Тұрғамбет Нұрбаев, Бірінші жинақтаушы зейнетақы қоры Жамбыл облыстық филиалының Сарыкөмер елдімекеніндегі қызмет көрсету орталығының басшысы Қымбат Бақбергенова, осы орталықтың консультант-операторы Назира Маханова және "Нұр Отан" партиясы Байзақ аудандық филиалының қызметкерлері соғыс ардагері, қызылжұлдызды Үсен Тоғаевтың отбасына болды.

Сол бір отты жылдары Отан қорғауға аттанып, Жеңіспен туған жерге оралған соң да еңбегімен ел құрметіне бөленген қазыналы қарияны мерейлі мерекемен құттықтай барған қонақтар өздерінің игі тілектерін жеткізді. Сый-сияпаттарын жасады.

Өз кезегінде Үсен Тоғаев өткен күндерден естеліктер айтып, бүгінгі бейбіт заманға шүкіршілік етті. Ендігі жерде ешқандай соғыс болмауын, ұрпақтардың бақытты ғұмыр кешуін тіледі. Өзін құттықтай келген меймандарға алғыс айтып, ақ батасын берді.

ТЫП АРДАГЕРІ АРДАҚТАЛДЫ

1418 КҮН МЕН ТҮНГЕ СОЗЫЛҒАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДА ЕР-АЗАМАТТАРЫМЫЗ ЖАҰМЕН ШАЙҚАСЫП, ЕРЛІКТІҢ ЕРЕН ҮЛГІСІН КӨРСЕТСЕ, ТЫЛДА «БӨРІ ДЕ МАЙДАН ҮШІН, БӨРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН» - ДЕГЕН ҰРАНМЕН ЕҢБЕК КӨРГІП ҚЫЗДЫРҒАН ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ҚАТАРЫ БҮГІНДЕ СІРЕП БАРАДЫ.

Міне, осындай тыл ардагерлерінің бірі - аймаңтөбелік Мамық Жанқожаева аңамыз. Бұғанасы бекімей жатып, қара жұмыстың қазанында шынығып өскен аңамыз егін орып, масақ терді, қызылша суарды. Майдандағы жауынгерлерге шұлық, қолғап тоқыды, өгіз арбамен қызылша тасыды. Құдай қосқан жарын соғысқа шығарып салып, қара қағаз алған кезде де өмірден түйілмеді. Еңбекқорлығымен, тиянақтылығымен ауылдастарының құрметіне бөленді. Ұрпақ өсірді, немере сүйіп, алып байтеректей тамырын тереңге жіберді.

Осы аптаның бейсенбісінде аудандық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Т. Қадимова, аудандық мұрағат бөлімінің басшысы М. Еркебуланова бастаған қыз-келиндер тыл ардагері Мамық Жанқожаеваның отбасына барып, қарт аңаны Ұлы Жеңіс күнімен құттықтап қайтты.

«Майдан менті ардагерлеріне қамқорлық жасау - басты парызымыз. Біздерге бақытты тағдыр берген ардагер аталарымыз бен аналарымызға мың алғыс айтамыз, - дей отырып Таззақұл Кәдімқызы, ақжаулықты анаға сый-сияпатын табыстап, иығына орнамал жапты.

МАЙДАНГЕРЛЕРДІ ҰЛЫҚТАУ - ПАРЫЗ

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БОЗДАҚТАРЫ

Был Ұлы Жеңіске 71 жыл. 1418 күнге созылған XX-ші ғасырдың ең қасіретті соғысында ресми деректер бойынша Кеңес елінің адами шығыны 27 млн., олардың 11.4 млн. Кеңес Одағының жауынгерлері, 8.4 млн. - бейбіт халық болды. 3.2 млн. азамат тұтқынға түсті. Сұрамыл соғыстың нәтижесінде 1 710 капа мен қаламшықтар, 70 мың селолар мен деревнялар, 32 мың көсіпорындар, 98 мың қолхоз, 1 876 совхоз жойылған екен. Бұл ақшаға шаққанда 2 триллион 589 млрд. рубль шығын.

Т. Рыскулов ауданындағы "Парыз" қоғамдық бірлестігі Ұлы Отан соғысының тарихын, майдандағы жауынгерлердің қаһармандық ерлігін, тылдағы халықтың жанқиярлық еңбегін, облысымыздың майданға берген материалдық, қаржылай көмегін деректеумен айналысып, отаншылдық тәрбиеге үлесімді қосудамыз.

Бірлестіктің негізгі мақсаты - ҰОС-ның Брест, Москва, Сталинград, Курск, Орел, Ленинград, Новгород, Калинин, Псков, Смоленск, Витебск шайқастарында қаза тапқан жамбылдық 7 мың жауынгердің жерленген жерлерін анықтап, деректерін Ресей, Беларусь аймақтық әскери комиссариаттарына жіберу арқылы ұлықтау.

2014-2015 жылдары тарихи шайқастарда қаза тапқан жеті мың жамбылдықтың 446-сы Байзақ ауданынан болса, ұлықтанған 557 жауынгердің 40-ы байзақтықтар. Қоғамдық бірлестіктің келесі мақсаты - аудандарды аралап, ұлықтанғандардың тізімін әкешілікке, мектепке, ішкі саясат, қорғаныс бөлімдеріне тапсыру. Екі жылдан бері 30 жауынгердің ұрпақтары табылмады. Ресей Федерациясы жіберген хабарына жауап күтіп отыр, олар 70 жыл бұрынғы соғыста қаза тапқандарды тауып бергенде бейбіт заманда Боздақтар ұрпағын, жақындарын таба алмағанымыз бізмізге сын емес пе?

Қоғамдық бірлестік іздеу-деректеу мақсатымен өткен жылғы 12-22 сәуірінде «Майдангерлер даңқты жолымен» атты сапарда Волоколамск-Зубовск-Ржев-Великие Луки-Невель-Смоленск-Поньровский-Курск аймақтарында жерленген жауынгерлерімізге тағзым етіп, мәліметтер алмасып, "Тағзым" атты деректі фильмдер топтамасын түсірдік.

Ресейдің Москвадағы "Іздеу Деректеу Қоғамалық Орталығының" шақыруымен бытыр 27.28-ші сәуірде Москвадағы «Бірлікпен келген Ұлы Жеңіс» атты халықаралық форумда "Францияда соғысқан 61 партизан-қазақтар" - атты зерттеуіміз баянда бердім. Сол 61 қазақтың арасында, партизан отрядын құрып, олардың командирі болған байзақтық Зүнін Жаманқұлов.

Был ҰОС-ның басталғанына және қаһарман Брест қорғанысының 75 - жылдығына ТМД елдерінің қамал қорғаушылары, олардың ұрпақтары, зерттеушілер, пойсковитер қатысатын халықаралық "Естелік вахтасы" 20-23 маусымда Брестте өтпекші. Осы іс-шараға жамбылдықтардың қатысуына негіз бар. Себебі жамбылдық 125 жауынгеріміз Брестте соғысқан. 41 байзақтық қамалда соғысты қарсы алған, олардың 12-і қамалда, 14-і майданда қаза тапқан, 14-і соғыстан, тұтқыннан оралған.

Ұрпақтары табылмаған Бресттік жауынгерлер:

Қамалда қаза тапқан: Айтмағамбетов Каби - (Ақжар), Сариев Жабал - (Мәдімар), Сапаков Сейдах - (Ровный), Жолдышев Мүсілім - (Жанатұрмыс), Төлебеков Рахымбек - (Дихан).

Майданда қаза тапқан хабарсыз кеткендер: Айнуақов Әлжан, Копбосынов Әлімқұл, Сыдықов Әбірақман - (Фрунзе), Оразалиев Ақбас - (Қарақұм), Оразалиев Әділқұл - (Кеңес), Жамбаев Сұлтанқұл - (Сарыбарак), Қонысбаев Сары - (Ботамойнак), Кәріпов Мұқай, Бекалиев Темірәлі, Тоғайбаев Күдербек, Тұрғынбаев Әшім - (Теспе). Елге оралған 14 жауынгердің 2-еуі Жүсіпов Тоқсылы - (Михайловка), Сынтаев Оразбек - (Ақшолак).

Ленинград қорғанысында 147 байзақтық, Ленинград облысында 89 жауынгер қаза тапқан.

Санкт-Петербургта 16 жауынгер жерленген.

Олар: Илбасев Абуақас - (Құмжота),

Токсанның бесеуіне келген Мамық әже өткен өміріне үйіліп, ғұмырын еңбекпен өрнектегеніне шүкіршілік етеді.

Адам бойындағы құндылықтардың ең көркімі-мейірімділік. Бұл қасиет адам баласын тек жақсы қырынан көрсетіп, адамгершілікке жағдайын қылықтардан алшақтатады. Адамзат әрқашан өзін қоршаған жандарға мейірімділік нұрын шаша білгені жөн. Өмірде ізгілікті көргің келсе, алғашқы қадамды өзіңнен бастауды үйренгенің дұрыс. Өмірде жақсылықты көп көрдім, жамандыққа жақсылықпен жауап бердім. Сондықтан болар ұзақ жасап, бала-шағамның ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатқаным, - деп сөзін түйіндеді әжей.

Отбасында екі қыз, бір ұлды тәрбиелеп өсірген абыз ана өзін құрметтеп келгендерге алғысын айтып, "еліміз аман, жұртымыз тыныш, келер ұрпақ соғыстың қасіретін тартпасын деп" батасын берді.

Өз тілшіміз.

МЕРЕКЕМЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қадірлі соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлері! Құрметті Отан қорғаушылар, Байзақ ауданының тұрғындары! Қымбатті нұротандықтар!

Қасиетті де ұлы мереке - Жеңіс мерекесімен және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Осыдан 71 жыл бұрын адамзат тарихында ең ауыр және қанды соғыстың соңғы оқтары атылды. Содан бері 1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді. Отан қорғаушылар жасаған ерліктері мәңгілік және уақыт ағысымен жосалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жегерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтары жеңіл, ала ұмытылуымызға көмектеседі. Сіздердің елді, жерді қорғаудағы батылықтарыңыз бен батырлықтарыңыз бүгінгі Отан қорғаушылар үшін де үлгі-өнеге болып келеді. Сондықтанда шекара шебінде жүрген солдаттар ардаймы өз Отандарына дал қызмет етіп келеді.

Сіздерге шын көңілден денсаулық, тіршіліктің ұзақ та жарқын алғысyz күндерін, жан шудағын, жақын адамдарыңыздың қамқорлығы мен ықыласын тілейміз. Табыстармен сәттіліктер мол болсын.

Ізгі ниетпен: "Нұр Отан" партиясы Байзақ аудандық филиалының Саяси кеңесі.

АУДАНДЫҚ
АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ
ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері! Қымбатты тыл еңбеккерлері! Отан қорғаушылар!

Сіздері еліміздің жарқын мерекелері 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр - Жеңіс мерекесімен құттықтаймыз! Берлинде Жеңіс туын желбіретіп, адамзатты жау құлдығынан азат еткен жеңімпаз ата- бабаларымыздың өшпес ерлігіне, яғни екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталғанына 71 жыл толды. Дүние жүзінің барша ізгі ниетті адамзаты үшін бұл ерекше мереке саналады. Кеңес Одағының миллиондаған халқымен бірге, Қазақстан да бұл сұрапыл соғыстағы жеңіске өзінің үлкен үлесін қосты. Қазақстандықтардың 1941-1945 жылдардағы көрсеткен қайсарлығы мен ерлігі Отанға адал қызмет етудің үлгісі болып табылады. "Ерлік ескімейді" - дейді дана халқымыз.

Аға ұрпақтың ерлігі мен енегі ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер таңынан қаһармандық пен қайырсықтан үлгі алады, соған қарап бой түзейді. Сондықтан қастерді мереке саналатын - қос мереке құтты болсын! Отан қорғаушыларымыз бен ардагерлерімізге мыңғы денсаулық, ұзақ ғұмыр, әр шаңыраққа ырыс- береке, шаттық пен қуаныш тілейміз.

Елі барда ердің аты
ұмытылмайды

Д.Тасыбаев,
Байзақ аудандық сотының төрағасы.

Биыл дүние жүзінің барша ізгі ниетті адамзаты Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71-ші мерекесін қарсы алып отыр. Сұрапыл соғыстағы оқ пен отты, өмір мен өлімнің ортасынан аман-есен оралған кешегі Жеңіс солдаттары, баға жетпес асыл қазынамыз-соғыс ардагерлерінің бізге, яғни қазіргі ұрпақтарға қалдырған күндерін бағалау азаматтық парызымыз.

Ұлы Отан соғыс қатыгезділігі мен қантөгіс жағиған тарих білген қақтығыстардың барлығынан да асып түсті. Жан алысып, жан беріскен бұл соғыс Қазақстан халқы үшін де өте ауыр сын болды. Өйткені, соғыс оты айналып өтпеген отбасы жоқ десек те болады.

Бұл алапат соғысқа Жамбыл облысынан 120000 мыңнан астам адам қатысып, олардың 32000 мыңнан астамы, яғни, әрбір төртінші жауынгер Жеңіс күнін жақындау үшін майдан даласында мәңгілікке көз жұмды.

Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы

киан-кескі шайқастар жүргізді. 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн. 200 мыңнан артық қазақстандық әскери қызметке шақырылған екен.

Ел мен жер тағдыры таразы басына түскен сын сағаттарында еліміздің түкпір-түкпірінен соғысқа аттанған жауынгерлермен қатар, қасиетті Әулие-ата жерінің өрендері де ерен ерліктің өшпес өнегесін көрсетті. Отан қорғау аттанып Жамбыл облысының 30 жауынгері Кеңес Одағының Батыры, ал, 7 жауынгер «Даңқ орденінің» толық иегері атанды. Аттары аңызға айналған Бауыржан Момышұлы, Ағалді Суханбаев, Сәбу Шақиров, Нұрұлла Фазлаев, Николай Белашов, Владимир Савва, Тайыр Тастандиев, Мыйраым Сүлейменов сияқты батырларымыздың ерліктері мен есімдері бүгінгі ұрпақтың жалдында мәңгі сақталары сөзсіз.

«Барлығы да Майдан үшін, барлығы да Жеңіс үшін» деген ұранмен ерен еңбектің үлгісін көрсеткен тыл еңбеккерлерінің тынымсыз тірліктері ұрыс даласындағы жауынгерлерді Жеңіске жігерлендіреді түсті.

1945 жылдың көктемінде жау ордасы Рейхстагта Жеңіс жалауы желбіреп, күллі

адамзаттың болашағына қатер өтпес шапқан фашизмнің ордасы ортасына түсті. Осылайша, 1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысының соңғы нүктесі қойылып, бейбітшілік пен тыныштықтың туы тігілді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев әрдайым соғыс ардагерлерінің қоғамдағы рөлі мен мәртебесін көтеріп, олардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуды басты назарда ұстап келеді. Бұл Жеңіс қаһармандарына көрсетілген айрықша құрмет.

Халқымызда «Елдің атын ер шығарады» деген аталы сөз бар. Сондықтан да, елі барда ердің аты ұмытылмайды.

«ЧЕРНОБЫЛЬ ЖАҢҒЫРЫҒЫ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДОҒДЕЛЕК ҮСТЕІНДЕ БАС ҚОСТЫ

Б. Жақысметов,
«Ауыл жаңалығы».

Чернобыль атом электр станциясындағы апатқа 30 жыл толуына орай «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалының ұйымдастыруымен 26 сәуір күні партия аудандық филиалында «Чернобыль жаңғырығы» атты тақырыптағы дөңгелек үстел отырысы өтті. Дөңгелек үстел отырысына атомдық солдаттар Чернобыль, Семей, және «Ерекше тәуекелді солдаттар» қоғамдық бірлестігінің мүшелері, аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшелері Р.Сапарбеков, С.Молдабеков аудандық мәслихат хатшысы Н.Тлепов қатысты.

«Ерекше тәуекелді солдаттар» қоғамдық бірлестігінің Байзақ аудандық филиалының төрағасы Писенбаев Мадияр Абдуллович Чернобыль жеріндегі ядролық сынақтардың қоршаған орта мен ондағы тұратын халықтың денсаулығына келтірген зияны залалсыздандырушылардың жанкешті ерлік еңбектері туралы баяндама жасап, апатты

жоюға қатысқан ардагерлерді құттықтап сәттілік тіледі.

Дөңгелек үстел отырыс барысында «Ерекше тәуекелді солдаттар» қоғамдық бірлестігі мен атомдық солдаттар (Чернобыль, Семей) және түрлі атомдық құрылыстарда сынақтан зардап шеккен ардагерлерге Сарыкөмер ауданынан монумент-эскерткіш салу, ардагерлерге қоғамдық көлікте тігері журу мәселесін, түрлі іс-шараға өткізудің не қаржылай көмек көрсетуді туралы өздерінің көкейдегі өтініштерін айтты. Чернобыль ардагері А.Ахмедов апатты жоюға қатысқан ардагерлердің денсаулығы жайлы айтып, аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшесі, партияның аудандық филиалының Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, орталық аурухананың бас дәрігері Сапарбеков Рыскелді Молдабекулына шипажайда облыстық ауруханаға емделу туралы бірнеше сауалдар қойды. Р.Сапарбеков өз сөзінде қолдан келгенше көмек көрсететінін айтты.

Дөңгелек үстел отырысы соңында аудандық мәслихат хатшысы Н.Тлепов алдағы уақытта көмек көрсетуді қолдайтынын айтты.

АРДАГЕРЛЕР - АЛЫП ШЫҢДАР

Т.Төребеков,
Байзақ АІП-нің бастығының орынбасары полиция подполковнигі.

Отан қорғаушылар күні және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығын мерекелеудің идеялық маңызын - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы шеңберінде ерекше мәнге ие.

Тарихи миссиясын орындап, фашизмді жеңу ісіне үлес қосқан қазақстандықтардың арасында Байзақ АІП-нің басшы құрамында қызмет еткен Ұлы Отан соғысының ардагері, отставкадағы милиция полковнигі Сауытбек Рысбаев, отставкадағы милиция полковнигі болған, марқұм Ниязбек Егембердиев және тыл еңбеккері, милиция аға лейтенанті Сейдімхан Тлеуқұлов ағаларымыз бар.

Байзақ аудандық ішкі істер бөлімі жастарды патриоттық бағытта тәрбиелеу мақсатында Ұлы Отан соғысының ардагері, отставкадағы милиция полковнигі С.Рысбаевты, отставкадағы милиция полковнигі болған, марқұм Н.Егембердиевтің зайыбы Забира Әбішқызын қонаққа шақырып, құрмет көрсетті. Сый-сияпат жасады.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН

материалдары аудан орталығы мен аумағында салынған құрылыстардың барлығында оның қолтаңбасы тұрғаны анық.

“Колхозаралық құрылыс” мекемесінде жұмысшы-құрылысшы болып еңбек еткен Жапсарбай Әйтековтің “Намыс ерлікке жеткізді, ерлік елдікке жеткізді”. Ел үшін аяна-ерлігіне сын, жұрт үшін аяна-жігіттігіне сын”, “Жасының жолы - жарық күн”, “Халық ісі дегенде жаксы қалмас тартынын”, “Жаксы іс көп жасайды” деген ғибратты сөзден тәлім алғандығын әр ісінен көруге болады. Құрылыс саласанда көп жылғы еңбегі үшін оған “Қазақ КСР еңбек сіңірген құрылысшысы” жоғары атақ беріледі. Кейіннен мекемеде жұмысшылар комитетінің төрағасы болып істеп, жұмысшылардан талап-тілектерін қанағаттандырып отырады.

1947 жылы Қыдырқұл Серікбайқызымен шаңырақ көтеріп, 52 жыл бірге ғұмыр кешті, 7 перзентінің қызығын көріп, 12 нөміре, 13 шөбере сүйді. Үлкен қызы Зухра жоғары білімді дәрігер, 13 жалы аудандық аурухананың бас дәрігері болып қызмет етті. Қазір құрметті зейнеткер. Бір баласы мен келіні дүрде. Бір ұлы кәсіпкер, Алматы қаласында тұрады.

Ардақты азаматтың зайыбы Қыдырқұл 1999 жылы, ал әуі өмірден 2004 жылы өтті. Ауданымызда “Қазақ КСР еңбек сіңірген құрылысшысы” атағын алған жалғыз азамат ол - Жапсарбай Әйтеков болатын. Айырыл-мен беделге тынымсыз еңбегінің арқасында жеткен ол өрбір пендеге тән қызғаныш, көреалмаушылық, мансапқұмарлық пен атаққұмарлық сынды жат мінезді ақылға бағындырып, ар-ұялданым биік ұстап өткен азаматқа кандай құрмет көрсетсек те жарасады деп ойлаймыз.

офицеры, сержанты, старшины - сегодня стоят на страже нашей Родины. И среди них достойное место занимает Азамат Кыдыралиев, который в свои 25 лет знает, что его долг - служить Отечеству.

Наш корр.

Наш корр.

